

Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернаты

2021-2022 оқу жылы

29 қараша – 4 желтоқсан аралығында өткізілген іс-шаралар жоспарының
ТАЛДАМАСЫ

4 желтоқсан

Апталық жоспарға сәйкес 29 қараша – 4 желтоқсан аралығында келесі жұмыстар атқарылды:

1. Мұғалімдердің қысқа мерзімді жоспарлары күнделікті тексеріліп, жас педагог физика пәнінің мұғалімі Б.Аманболдин мен география пәнінің мұғалімі Ж.Қалпағи қысқа мерзімді жоспар құру бойынша әдістемелік ұсынымдар айтылды.

2. Пән мұғалімдерінің электронды журналды уақытылы жүргізілуі күнделікті бақыланып, есеп берілді. Оқу бағдарламасының орындалуы және күнтізбенің тақырыптық жоспарларды электронды журналда рәсімдеуде мұқият болу ескертілді.

3. Оқушылардың сабаққа қатысулары күнделікті сынып жетекшілері тарапынан тексеріліп, сабақ босатқан оқушылардың себептері бойынша есеп алынды.

4. Химия, биология пәндері сабақтары әкімшілік тарапынан бақыланып, кері байланыс берілді.

5. Ағымдағы мәселелерге орай 7-11 сыныптар бойынша білім сынағы келесі аптаға шегерілді.

6. «Шабыт» шағармашалақ тобы жұмысының жоспары негізінде биология пәні мұғалімі Маженова А.А. 76 –сыныбында «Жапырақтың құрылысы және қызметі» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабағы жақсы, мақсатына сай өтті. Топтық жұмыс әдісі арқылы жаңа тақырыпті бекітті, кері байланыс арқылы сабақты талдады, формативті бағалау және рефлексия өткізді. Оқушылары практикалық жұмыстарды орындады. Сабаққа әкімшілік және жас мамандар қатысты.

7. 30 қараша күні өткен Қ. Сәтбаев атындағы химия пәнінен республикалық олимпиаданы 9в-сынып оқушысы Беспай Аслан қатысып 3-орынға иеленді, Дипломмен марапатталды. Дайындағандар: пән мұғалімі Исакова Д.М. және мұғалімнің тәлім алушысы химия пәні мұғалімі, жас маман Сағатай А.А.

8. Қазақ тілі пәні мұғалімдері «Абайтану» мектепшілік олимпиадаға қатысатын 8-11-сынып оқушыларының тізімін кесте бойынша уақытында Кусанова С.З., бейінді оқыту орынбасарына тапсырды.

9. Қазақ тілі пәні мұғалімдері Ахат А.Д., Онгарбай Ж. «Абайтану» мектепшілік олимпиаданың тапсырмаларын дайындап, бекітуге тапсырды.

10. Пән мұғалімдері апта бойы республикалық ғылыми жоба конкурсының іріктеу кезеңіне қатысатын 9-11-сынып оқушыларын тестілеуге сабақтан тыс уақытында дайындады.

11. «Олимпиадалық резерв» мектебі өз жұмысын жалғастырды.

12. Апта бойы Кусанова С.З., бейінді оқыту орынбасары, таңдау, элективтік курс сабақтарының өтуін қадағалады.

13. «Жалын» шығармашылық тобы жұмысының жоспары негізінде 9-сыныптар арасында биология пәні мұғалімі Тореунова Б.Р. және химия пәні мұғалімі Сағатай А.А. «Science is fun» тақырыбында тәжірибелік алаң өткізді. Іс-шара жоғары деңгейде өтті, оқушылар қызығушылықпен белсенді қатысты.